

ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкі, 15.11.2018 ж.; "Егемен Қазақстан" 21.11.2018 ж. № 223 (29454); "Казахстанская правда" от 27.11.2018 г. № 227 (28856); от 28.11.2018 г. № 228 (28857) жарияланған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 7 қарашада № 17705 болып тіркелді.

## **Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы**

*Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

"Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының [11\) тармақшасына](#) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының [10-бабының](#) 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

*Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

1. Қоса беріліп отырған Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік [қағидалары](#) бекітілсін.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Техникалық және кәсіптік білім департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың [1\)](#), [2\)](#), [3\)](#) және [4\) тармақшаларында](#) қарастырылған іс-шаралардың орындалуы

туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*Е. Сағадиев*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2018 жылғы 18 қазандағы  
№ 578 бұйрығына  
қосымша

### **Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары**

*Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі - білім беру ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайтын "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының [11\) тармақшасына](#) және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) [10-бабының](#) 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі") бойынша кадрлар даярлау үшін, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар қабылданады.

Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-

ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

*Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

3. Білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Заңның 26-бабының [8-тармағында](#) айқындалған адамдарды [қабылдауға квота](#) көзделеді.

4. Түсу емтихандарын тапсыру нысанын білім беру ұйымдары белгілейді.

## **2-тарау. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібі**

5. Білім беру ұйымдарында тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау үшін, түсу емтихандарын өткізу және білім алушылар құрамына қабылдау кезеңінде білім беру ұйымдары басшыларының бұйрығымен күнтізбелік жылғы I маусымнан кешіктірмей қабылдау комиссиясы құрылады, ол тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының құрамына жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың, жұмыс берушілердің, қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясының құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен төраға сайланады.

Қабылдау комиссиясының шешімі егерде отырыста оның құрамының үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда заңды болып табылады. Дауыс тең болған жағдайда қабылдау комиссиясының басшысының шешімі негізгі шешім болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

*Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

6. "Білім беру ұйымдарының қабылдау комиссияларының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша шешіледі.

*Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

7. Білім беру ұйымдарына тұлғаларды білім алуға қабылдау олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

8. Тұлғалардың білім беру ұйымдарында оқуға өтініштерін қабылдау:

1) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 шілдесі аралығында;

2) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 27 тамызы

аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында жүзеге асырылады.

*Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы білім беру ұйымына (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) не "электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі - портал) жүгінеді және осы Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына (бұдан әрі - Стандарт) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес стандартта келтірілген.

"Хореография өнері" мамандығына оқуға түсуші тұлғалар білім беру ұйымында қосымша медициналық комиссиядан өтеді.

Оқуға түсетін құжаттарды оқуға түсушінің жеке өзі немесе оның заңды өкілдері ұсынады.

Қабылдау квотасы қарастырылған білім беру ұйымдарына оқуға түсуші тұлғалар санатты растайтын құжаттарын ұсынады.

*Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

9-1 Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға [6-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

*Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

9-2. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды

портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға [6-қосымшаға](#) сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына құжаттардың қабылданғаны туралы хабарламаны осы Қағидаларға [5-қосымшаға](#) сәйкес жолдайды.

*Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

9-3. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының [2-тармағының](#) 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

*Ескерту. 9-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

9-4. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының [2-тармағына](#) сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

*Ескерту. 9-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

10. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

11. Білім беру ұйымына ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғаларды қабылдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Түсу емтихандарына қатысу үшін мүгедек балалар және мүгедектер (көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 [бұйрығымен](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша мүгедектігі туралы анықтама ұсынған кезде, қажет болған жағдайда, мемлекеттік комиссия төрағасының атына:

1) жеке аудитория ұсыну;

2) көру, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектерге арналған түсу емтиханы шеңберінде тапсырылатын пәндердің мұғалімі болып табылмайтын көмекшінің және (немесе) есту қабілеті бұзылған мүгедек балалар мен мүгедектер үшін ымдау тілін білетін маманның қажеттілігі туралы еркін нысанда қосымша өтініш бере алады.

*Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

12. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу үшін түсу емтихандары:

орта буын мамандарын даярлау үшін және:

1) бастауыш білімі барлар үшін ("Хореография өнері" мамандығы ("Балет әртісі" біліктілігі) бойынша ғана кадрлар даярлау үшін қабылдау кезінде) - бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ тілі немесе орыс тілі) және шығармашылық емтихандар бойынша;

2) негізгі орта (негізгі жалпы) білімі бар оқуға түсушілер үшін - негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша (қазақ немесе орыс тілі және мамандық бейіні бойынша пән);

3) мамандық бейініне сәйкес келетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар үшін әңгімелесу түрінде өткізіледі;

орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлау үшін және:

1) жалпы орта білімі бар оқуға түсушілер үшін үш пән (қазақ немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы және мамандық бейіні бойынша пән) бойынша;

2) мамандық бейініне сәйкес келмейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар оқуға түсушілер үшін мамандықтың бейінді пәні бойынша өткізіледі.

Конкурс білім беру ұйымдары өткізген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған баллдар (бағалар) негізінде өткізіледі.

Түсу емтихандары бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі. Кестені түсу емтихандарының өтетін күні мен уақытын, орнын көрсете отырып білім беру ұйымдарының басшылары (3) жұмыс күнінен кешіктірмей емтихан өткізерден алдын бекітеді және оны ақпараттық стендтермен білім беру ұйымдарының интернет ресурстарында орналастырады.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілерге арналған түсу емтихандары әңгімелесу нысанында өткізіледі. Түсу емтихандарын және әңгімелесуді өткізу кезеңінде аудио-бейнежазба жүргізіледі.

Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша жеке әңгімелесуді жүргізеді.

Қабылдау комиссиясы әр оқуға түсушімен әңгімелесуді 20 минуттан артық жүргізбейді.

Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының басшысы бекітеді.

Түсу емтихандарының қорытындылары ақпараттық стендтерде және білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында түсу емтихандарын өткізген күні орналастырылады.

*Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

13. Орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары - күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 27 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 28 қыркүйегі аралығында; өнер және мәдениет мамандықтары бойынша арнаулы немесе шығармашылық емтихандар - күнтізбелік жылдың 21 шілдесі мен 28 шілдесі аралығында өткізіледі.

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін оқудың күндізгі нысанына түсу емтихандары күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 29 тамызы аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына күнтізбелік жылдың 1 тамызы мен 25 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

Түсу емтихандарын өткізу кезінде:

1) тестілеу нысанында әрбір пән бойынша тестілеу тапсырмаларының (сұрақтарының) саны – 25; әрбір тест тапсырмасының дұрыс жауабы 1 балмен бағаланады; үш пән бойынша тестілеуге – 2 сағат 15 минут, ал екі пән бойынша – 1 сағат 30 минут беріледі; дұрыс жауаптар коды тестілеу аяқталғаннан кейін дереу ілінеді; тестілеу нәтижелері ол өткізілген күні хабарланады;

2) пәндер бойынша емтихандар нысанында түсу емтихандарының нәтижелері бойынша алынған "3", "4", "5" бағаларын қабылдау комиссиясы мынадай шәкіл бойынша: "3" – 8 балға, "4" – 17 балға, "5" – 25 балға алмастырады.

*Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

14. Білім беру ұйымдарына түсу емтихандары түсушілердің өтінішіне сәйкес қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі.

15. Түсу емтихандарын қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

16. Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беретін пәндердің тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес айқындалады.

*Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

17. Өнер және мәдениет мамандықтары бойынша білім беру ұйымдарына оқуға түсетін тұлғалар осы Үлгі қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес бекітілген бағдарламалар бойынша өткізілетін шығармашылық емтихандар тапсырады.

*Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

18. Педагогикалық мамандықтар, арнаулы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтар бойынша білім беру ұйымдарына оқуға түсетін тұлғалар білім беру ұйымдары өткізетін арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды тапсырады.

19. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды өткізу нысаны осы Үлгі қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес анықталады.

Кәсіби жарамдылықты анықтау үшін медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша арнайы емтиханды өткізу нысанын денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

*Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

20. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты мен өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оны оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірмей жеткізіледі.

21. Оқуға түсушіні арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын [құжатты](#) ұсынған кезде рұқсат етіледі.

22. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

23. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның өткізу қорытындылары – бағалау ведомостарымен ресімделеді.

Арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

24. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

25. Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге білім беру ұйымына ұсыну үшін бағалау ведомостінен үзінді беріледі.

26. Білім беру ұйымында бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және түсу емтихандар нәтижелерін бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешу, оқуға түсушілердің құқығын қорғау мақсатында білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелері тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссия мүшелері тесттік пәндер бойынша техникалық және кәсіптік білім беру

ұйымдарындағы педагогтердің санынан құрылады. Бір тестілеу пәні бойынша педагогтердің саны кемінде екі адамнан құрылады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің құрамынан оның мүшелерінің көп дауысымен басшы сайланады.

*Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 07.04.2020 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

27. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді.

Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

29. Қабылдау конкурсын өткізу кезінде осы Қағидалардың [24-тармағына](#) сәйкес баллдар сомасы ескеріледі.

30. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 25-31 тамызы аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 15-30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

Білікті жұмысшы кадрлар даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 31 тамызы аралығында;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегі мен 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.

*Ескерту. 30-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

31. Орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру ұйымдарына қабылдау мамандықтар, оқыту тілі бойынша қабылдау комиссиясының ашық отырыстарында жүргізіледі.

Білім алушылар құрамына қабылдау конкурсына қатысуға:

1) негізгі орта (жалпы негізгі) білімі бар адамдар үшін екі пәннен 16 балдан кем, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 25 балдан кем;

2) жалпы орта білімі бар адамдар үшін үш пәннен 24 балдан кем, медицина және фармацевтика мамандықтары бойынша 35 балдан кем жинағандар жіберілмейді.

*Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 16.07.2019 № 305 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.*

32. Қабылдау нәтижелері туралы ақпаратты қабылдау комиссиялары орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін оқудың күндізгі нысанына түсушілердің назарына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін, білікті жұмысшы кадрларды даярлау бойынша - күнтізбелік жылдың 10 қыркүйегіне дейін, кешкі және сырттай оқу нысандарына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін ақпараттық стендтерге немесе білім беру ұйымының интернет-ресурстарына орналастыру арқылы жеткізеді.

*Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Білім және ғылым министрінің 12.05.2020 № 197 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.*

Техникалық және кәсіптік  
білімнің білім беру  
бағдарламаларын іске асыратын  
білім беру ұйымдарына оқуға  
қабылдаудың үлгі қағидаларына  
1-қосымша

### Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі

Техникалық және кәсіптік білім мамандығының коды	Мамандықтың атауы	Бейіндік пән атауы	
		Негізгі орта білім (жалпы негізгі)	Орта білім (жалпы орта)
0100000 –Білім беру			
0101000	Мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Биология
0102000	Тәрбие жұмысын ұйымдастыру (деңгей бойынша)	Биология	Биология

0103000	Дене тәрбиесі және спорт	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0104000	Кәсіптік білім беру (салалар бойынша)	Математика	Математика
0105000	Бастауыш білім беру*	Математика	Математика
0106000	Бейнелеу өнері және сызу	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0107000	Технология	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0108000	Музыкалық білім беру	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0109000	Өмір сүру қауіпсіздігі және валеология	Биология	Биология
0110000	Білім ұйымдарындағы лаборант	Биология	Биология
0111000	Негізгі орта білім беру*	Математика	Математика
0112000	Исламтану	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы
0113000	Теология	Қазақстан тарихы	Қазақстан тарихы
0200000 – Құқық			
0201000	Құқықтану	Құқық негіздері	Дүниежүзі тарихы
0202000	Құқық қорғау қызметі	Қазақстан тарихы	Дүниежүзі тарихы
0203000	Патенттану	Құқық негіздері	Дүниежүзі тарихы
0300000 – Медицина, фармацевтика			
0301000	Емдеу ісі	Биология	Биология
0302000	Медбикелік іс	Биология	Биология
0303000	Гигиена және эпидемиология	Биология	Биология

0304000	Стоматология	Биология	Биология
0305000	Зертханалық диагностика	Биология	Биология
0306000	Фармация	Химия	Химия
0307000	Ортопедиялық стоматология	Биология	Биология
0308000	Медициналық оптика	Биология	Биология
0400000 – Өнер және мәдениет			
0401000	Кітапхана ісі	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)
0402000	Дизайн (бейін бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0403000	Әлеуметтік-мәдени қызмет және халықтық көркем өнер шығармашылығы (бейін бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0404000	Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0405000	Хор дирижері	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0406000	Музыка теориясы	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0407000	Ән салу	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0408000	Хореография өнері	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0409000	Актерлік өнер	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0410000	Цирк өнері	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан

0411000	Театр-декорация өнері (бейін бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0412000	Кескіндеу, мүсін және графика (түрлері бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0413000	Сәнді-қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0414000	Қайта қалпына келтіріп жөндеу (салалар бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0415000	Зергерлік іс (салалары бойынша)	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0416000	Әртіс орындаушы, концерттік бағдарламалардың дыбыс операторы	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0417000	Өнеркәсіп өндірісінің дизайны	2 шығармашылық емтихан	2 шығармашылық емтихан
0418000	Ландшафттік дизайны	Математика	Математика
0419000	Құрылыстағы дизайн	Математика	Математика
0420000	Интерьер дизайны	Математика	Математика
0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару			
0501000	Әлеуметтік жұмыс	Қазақстан тарихы	Дүниежүзі тарихы
0502000	Телекоммуникациялық құралдармен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)	Математика	Физика
0503000	Слесарлық іс	Физика	Физика
0504000	Бұйымдарды химиялық тазалау және бояу	Химия	Химия
0505000	Фото ісі	Химия	Химия

0506000	Шаштараз өнері және сәндік косметика	Химия	Химия
0507000	Қонақ үйі шаруашылығына қызмет көрсетуді ұйымдастыру	Математика	Математика
0508000	Тамақтандыруды ұйымдастыру	Математика	Математика
0509000	Аяқ киім ісі	Математика	Математика
0510000	Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану (салалары және қолдану аясы бойынша)	Әдебиет (оқыту тілдері бойынша)	Қазақ немесе орыс тілі
0511000	Туризм (салалары бойынша)	География	География
0512000	Аудармашы ісі (түрлері бойынша)	Шетел тілі	Шетел тілі
0513000	Маркетинг (салалар бойынша)	Математика	Математика
0514000	Бағалау	Математика	Математика
0515000	Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)	Математика	Математика
0516000	Қаржы (салалар бойынша)	Математика	Математика
0517000	Статистика	Математика	Математика
0518000	Есеп және аудит (салалар бойынша)	Математика	Математика
0519000	Экономика (салалар бойынша)	Математика	Математика
0520000	Логистика (салалар бойынша)	Математика	Математика
0521000	Қонақ үй бизнесі: отель/ мейрамхананы басқару	Математика	Математика
0522000	Іс-шараларды ұйымдастыру және қызмет көрсету	Математика	Математика
0600000 – Метрология, стандарттау және сертификаттау			
0601000	Метрология, стандарттау және сертификаттау (салалар бойынша)	Математика	Математика
0602000	Сапаны бақылау (салалар бойынша)	Математика	Математика

0603000	Бұзбайтын бақылаудың салалары мен түрлері бойынша бұзбайтын бақылау	Математика	Математика
0700000 - Геология, тау-кен өнеркәсібі және пайдалы қазбаларды өндіру			
0701000	Геологиялық түсіру, пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу және барлау (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0702000	Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы мен техникасы	Математика	Математика
0703000	Гидрогеология және инженерлік геология	Математика	Математика
0704000	Пайдалы қазбалардың кен орындарын іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістері	Математика	Математика
0705000	Пайдалы қазбалардың кен орындарын жер астында өңдеу	Математика	Математика
0706000	Пайдалы қазбаларды ашық түрде қазу	Математика	Математика
0707000	Тау-кен электромеханикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика	Математика
0708000	Пайдалы қазбаларды байыту (көмірмен байыту)	Математика	Химия
0709000	Пайдалы қазбаларды байыту (кен байыту)	Математика	Химия
0710000	Ашық кеніштің электр-механикалық жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика	Химия
0711000	Маркшейдерлік іс	Математика	Математика
0712000	Жер асты құбырларының құрылысы	Математика	Математика
0713000	Геодезия және картография	Математика	Математика
0800000 - Мұнай-газ және химия өндірісі			

0801000	Мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау және бұрғылау жұмыстарының технологиясы (бейін бойынша)	Математика	Математика
0802000	Мұнай-газ құбырлары мен мұнай газ қоймаларының құрылысы және оларды пайдалану	Физика	Физика
0803000	Компрессорлық станциялар мен жерасты құбырларының электр жүйесін жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Математика
0804000	Технологиялық жабдықтар мен құбырларды монтаждау	Математика	Математика
0805000	Мұнай мен газды сақтау және тасымалдау	Математика	Математика
0806000	Ұңғымаларды мұнай мен газға сынау	Физика	Математика
0807000	Мұнай және газ кәсіпшілігінің техникалық жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету	Математика	Математика
0808000	Мұнай өңдеу және химия өнеркәсібі кәсіпорындарының жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және оларды жөндеу (түрлері бойынша)	Математика	Математика
0809000	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану (бейін бойынша)	Математика	Математика
0810000	Мұнай-газ құбырларын, мұнай-газ қоймалары мен жанар май құю станцияларын салу және пайдалану	Математика	Математика
0811000	Химиялық талшықтар өндірісі	Химия	Химия
0812000	Резеңке-техникалық өндірісі	Химия	Химия
0813000	Шина өндірісі және вулканизация процесі	Химия	Химия
0814000	Полимер технологиясының өндірісі	Химия	Химия

0815000	Тұтқыр және сусымалы материалдардың химиялық өндірісінің машиналары мен жабдықтарын пайдалану	Химия	Химия
0816000	Химиялық технология және өндіріс (бейіні бойынша)	Химия	Химия
0817000	Кокс-химия өндірісі	Химия	Химия
0818000	Химиялық өндіріс технологиясы (бейіні бойынша)	Химия	Химия
0819000	Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	Химия	Химия
0820000	Изотоптарды бөлу технологиясы мен вакуумдық техника	Химия	Химия
0821000	Мұнай және газ өндіру технологиясы	Математика	Математика
0822000	Кен орындарын пайдалану	Математика	Математика
0823000	Химиялық инжиниринг технологиясы	Химия	Химия
0824000	Бұрғылау технологиясы	Математика	Математика
0825000	Газ инжинирингі технологиясы	Химия	Химия
0826000	Өнеркәсіп жабдықтары	Математика	Математика
0827000	Ауыр өнеркәсіп жабдықтары	Математика	Математика
0828000	БӨА инжинирингі технологиясы	Физика	Физика
0829000	Энергетиканы қайта өңдеу және электроэнергетикалық инжиниринг технологиясы	Физика	Физика
0830000	Электрлік инжиниринг технологиясы	Физика	Физика
0831000	Қиын балқитын бейметалл және силикатты материалдар мен бұйымдардың технологиясы	Химия	Химия
0900000 - Энергетика			
0901000	Электр станциялары мен желілерінің (түрлері бойынша) электр жабдықтары	Математика	Математика

0902000	Электрмен жабдықтау (салалары бойынша)	Математика	Математика
0903000	Электр энергетикасы (салалары бойынша)	Математика	Математика
0904000	Темір жол электротехникалық жүйелерін электрмен жабдықтау, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Математика	Математика
0905000	Энергетикалық көлік қондырғысын пайдалану (көлік түрлері бойынша)	Математика	Математика
0906000	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	Математика	Математика
0907000	Техникалық жылу жабдықтары және жылумен жабдықтау жүйелері (түрлері бойынша)	Математика	Математика
